

2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған сомаларды аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № 1528 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған сомаларды аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы
ж ә н е Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы ,

2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 13-бабына сәйкес,

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік реттеуді қамтамасыз ету
м а қ с а т ы н д а ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«Тараптардың мемлекеттік органдары» – Беларусь Республикасы мемлекеттік басқарудың республикалық органдары, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, Ресей Федерациясы атқарушы билігінің федералдық органдары ;
» .

2) 5-баптың үшінші абзацы алып тасталсын;

3) 5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«бастапқы жайғасуға, ол туралы жөнелтуші кеден органын әрбір нақты тасымалдау бойынша өз Тарапының сыртқы істер министрлігі не дипломатиялық өкілдігі, шет мемлекеттің консулдық мекемесі, сондай-ақ артықшылықтарының көлемі бойынша оған теңестірілген орган және (немесе) өз Тарапының аумағында орналасқан халықаралық ұйымның миссиялары хабардар еткен шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің персонал мүшелері, консулдық мекемесінің қызметкерлері немесе артықшылықтарының көлемі бойынша оларға теңестірілген органдар және (немесе) халықаралық ұйымдар миссияларының персоналы, сондай-ақ егер болу мемлекетінде тұрақты тұрмайтын болса және болу мемлекетінің азаматы болып табылмаса, өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелеріне арналған тауарларды қоса алғанда, жеке п а й д а л а н у ғ а а р н а л ғ а н т а у а р л а р ;

ол туралы мүдделі Тараптың орталық кеден органы жөнелтуші кеден органына ұсынған кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынбастан осындай тауарларды шығару туралы қолдауды мүдделі Тараптың тиісті мемлекеттік органы растаған мәдени, ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалануға, спорттық жарыстарды не оларға дайындық өткізуге, дүлей апаттардың, авариялардың, апаттардың салдарын жоюға, Тараптардың қорғаныс қабілеттілігін және мемлекеттік (ұлттың) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың қарулы күштерін қайта жарақтандыруға, Тараптардың мемлекеттік шекарасын қорғауға, Тараптардың мемлекеттік органдарының пайдалануына арналған тауарлар.».

4) 7-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұндай факті мойындалмаған жағдайда даулар осы Келісімнің 12-бабына сәйкес
р е т т е л е д і . » .

5) Келісімге 2 - қ о с ы м ш а д а :

«¹» сілтеме мынадай редакцияда жазылсын:

«¹ Егер Сертификатты тіркеуші кеден органы Беларусь Республикасының кеден органы немесе Қазақстан Республикасының кеден органы болып табылса, мұндай кеден органының коды мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып көрсетіледі:

Беларусь Республикасы үшін – 112 және одан әрі кеден органдарының жіктеуішіне сәйкес кеден органының коды (11200000);

Қазақстан Республикасы үшін – 398 және одан әрі кеден органының жіктеуішіне сәйкес кеден органының коды (39800000)».

2-бап

Тараптар арасындағы осы Хаттаманы түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар Келісімде белгіленген тәртіппен шешіледі.

3-бап

Осы Хаттама ратификациялауға жатады және қол қойылған күнінен бастап у а қ ы т ш а қ о л д а н ы л а д ы .

Осы Хаттама дипломатиялық арналар арқылы депозитарий Тараптардың осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

2011 жылғы «__» _____ каласында орыс тілінде бір түпнұсқа д а н а д а ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы осы Хаттаманың депозитарийі болып табылатын Кеден одағының комиссиясында сақталады және әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жолдайды.

Беларусь

Республикасы

үшін

Қазақстан

Республикасы

үшін

Ресей

Федерациясы